

Always there to help you  
Register your product and get support at  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

AE2430



# Қолданушының нұсқасы

**PHILIPS**



# Мазмұндар кестесі

---

<b>1 Маңызды ақпарат</b>	<b>2</b>
Қауіпсіздік	2
Ескерту	4

---

<b>2 Тасымалы радио</b>	<b>5</b>
Кіріспе	6
Қораптың құрамы	6
Негізгі құрылғыны шолу	7

---

<b>3 Жұмысты бастау</b>	<b>8</b>
Батареяны салу	8
Қуатты қосу	9
Уақытты орнату	10
Қосу	11

---

<b>4 Радио тыңдау</b>	<b>11</b>
FM/MW диапазонын таңдау	11
Радио станциясына дәлдеу	11
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	12
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	12
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	14

---

<b>5 Өнім туралы ақпарат</b>	<b>14</b>
------------------------------	-----------

---

<b>6 Ақаулықтарды жою</b>	<b>15</b>
---------------------------	-----------

# 1 Маңызды ақпарат

---

## Қауіпсіздік

---

### Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑨ Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- ⑩ Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑪ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.

- 12) Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- 13) Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
  - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
  - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- 14) Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- 15) Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- 16) Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

# Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



## Қайта өңдеу

Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімде үсті сызылған дөңгелекті қоқыс жәшігінің белгісі болса, өнім Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына кіретінін білдіреді.

Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Ескі өнімді қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.



Өнімге Еуропалық 2006/66/ЕС директивасының талаптарына сәйкес келетін батареялар салынған. Оларды кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды.

«Pb» химиялық таңбасы бар үсті сызылған дөңгелекті жәшік батареялардың директивада көрсетілген талаптарға сәйкес келетінін білдіреді.

Батареяларды бөлек жинау туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.



## II сыныпты жабдық таңбасы



Бұл таңба осы өнімде екі еселік оқшауланған жүйенің бар екендігін көрсетеді.

### Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



#### Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

## 2 Тасымалы радио

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) торабында тіркеңіз.

Егер тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарлассаңыз, сізден құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі құрылғының артқы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмір \_\_\_\_\_

---

## Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- уақытты білу және
  - FM/MW радио станцияларын тыңдау.
- 


## Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз:

- Негізгі бөлік
- Ток сымы
- Пайдаланушы нұсқаулығы



# Негізгі құрылғыны шолу



## ① Антенна

- Радио қабылдауды жақсарту.

## ② 🎧

- Құлақаспаққа арналған ұяшық.

## ③ VOLUME

- Дыбыс деңгейін реттеу.

## ④ 🏠

- Радионы қосыңыз не өшіріңіз.

## ⑤ 1-10

- Алдын ала орнатылған радио станциясының нөмірін таңдаңыз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

## ⑥ Дисплейлі панель

- Уақыт/радио ақпаратын көрсету.

## ⑦ BAND

- FM немесе MW диапазонын таңдау.

## 8 TUNING

- Радио станцияға реттеңіз.
- Сағат/минут сандарын реттеу.

## 9 PROG/AUTO SCAN

- Алдын ала орнатылған радио станциялардың бағдарламасын жасау.
- Радио станцияларды автоматты түрде іздеу және сақтау.
- Уақытты орнату.

# 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


## Батареяны салу



### Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 4 x 1,5 В R14/UM2/C батареяларын (жинақпен берілмейді) суретте көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



## Кеңес

- Негізгі құрылғы батареялардан қуат алса, артқы жарық кез келген әрекеттен кейін 5 секунд бойы жанады.

## Қуатты қосу




## Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток қуат сымын қосудың алдында барлық басқа байланыстарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.

Қамтамасыз етілген АТ қуат сымын мынаған жалғаңыз:

- негізгі құрылғыдағы **AC MAINS** ұяшығы;
- розеткаға.



#### Кеңес

- Негізгі бөлік айнаымалы ток көзінен зарядталғанда, артқы жарық әрқашан жанып тұрады.

## Уақытты орнату

- 1 Радионы өшіру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
- 2 **PROG/AUTO SCAN** түймесін басып тұрыңыз.  
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **TUNING** түймесін бұраңыз.
- 4 Раптау үшін **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.  
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 5 Минутты орнату үшін **TUNING** түймесін бұраңыз.
- 6 Раптау үшін **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.

---

# Қосу


Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.

---

## 4 Радио тыңдау


---

### FM/MW диапазонын таңдау

- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW диапазоны арасында қосу үшін **BAND** түймесін басыңыз.

---

### Радио станциясына дәлдеу

- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.  
↳ **[FM]** немесе **[MW]** көрсетіледі.
- 2 Радио станциясын қосу үшін **TUNING** түймесін сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Автоматты түрде сигналы қатты алдыңғы/келесі радио станциясына өту үшін:


- 1 **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.  
↳ Радиожилік жыпылықтауды бастайды.
- 2 Сигналы қатты келесі/алдыңғы радио станциясына өту үшін **TUNING** түймесін сағат тілімен/сағат тіліне қарсы бұраңыз.

# Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



## Ескертпе

- Ең көбі 10 алдын ала орнатылған FM радио станциясын және 10 алдын ала орнатылған MW радио станциясын бағдарламалауға болады.


- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.
- 2 **PROG /AUTO SCAN** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
  - ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
  - ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

# Радио станцияларды қолмен бағдарламалау




## Ескертпе

- Ең көбі 10 алдын ала орнатылған FM радио станциясын және 10 MW радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Радио станцияға реттеңіз.
- 3 **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.
  - ↳ Радиожиілік жыпылықтауды бастайды.

- 4 Бір нөмірді таңдау үшін **1-10** түймелерін басыңыз.  
↳ Таңдалған сан жыпылықтай бастайды.
- 5 Растау үшін **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.
- 6 Қосымша станцияларды бағдарламалау үшін 2-5 қадамдарын қайталаңыз.

### Сигналы ең қатты алдыңғы/келесі радио станциясын сақтау үшін


- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.
- 2 **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.  
↳ Радиожиілік жыпылықтауды бастайды.
- 3 Сигналы ең қатты келесі/алдыңғы радио станциясына өту үшін **TUNING** түймесін сағат тілімен/сағат тіліне қарсы бұраңыз.
- 4 Бір нөмірді таңдау үшін 1-10 түймелерін басыңыз.  
↳ Таңдалған сан жыпылықтай бастайды.
- 5 Растау үшін **PROG/AUTO SCAN** түймесін басыңыз.



### Кеңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін оның орнына басқа станцияны бағдарламалаңыз.

# Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- 1 Радионы қосу үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Алдын ала орнатылған радио станциясын таңдау үшін **1-10** түймелерін басыңыз.

## 5 Өнім туралы ақпарат



### Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

### Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5-108 МГц MW: 531-1602 кГц
Реттеу торы	50 КГц (FM); 9 КГц (MW)
Алдын ала орнатылғандар саны	FM: 10 MW: 10

### Жалпы

Қуат көзі	Айнымалы ток: 220-240 В~, 50/60Гц Тұрақты ток: 4 x C батареялары
Ең көп қуат шығысы	1 Вт



---

Жұмыс үшін қуат тұтынуы	5 Вт
-------------------------	------

---

Мөлшері

- Негізгі құрылғы (Б x Е x Ұ)	210 x 137 x 79 мм
----------------------------------	-------------------

---

Салмағы

- Қорабымен	1,2 кг
- Негізгі құрылғы	0,8 кг

---

## 6 Ақаулықтарды жою



### Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

### Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат барына көз жеткізіңіз.
- Батареялардың дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.

## **Дыбыс жоқ**

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

## **Сағат параметрі өшірілген**

- Қуаттың берілуі үзілген немесе қуа сымы ажыратылған.
- Сағатты қайта орнатыңыз.

## **Құрылғыдан жауап жоқ**

- Батареяларды шығарыңыз және құрылғыны қайтадан қосыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.





2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.  
This product has been manufactured by, and is sold  
under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and  
Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to  
this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered  
trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used  
under license from Koninklijke Philips N.V.

AE2430\_12\_UM\_V6.0

